



Бекітілді: 
№23 «Ынтымақ» бөбекжай-бақшасының
педагогикалық кеңес шешімімен бекітілді.
меңгерушісі: Р.Ж. Урынтаева.
31.08.2022жыл.



**2022-2023 оқу жылы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие
мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде ортаңғы топ балаларына арналған
Музыка ұйымдастырылған іс-әрекетінің
ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**

2022-2023 оқу жылы

Ай	Дағды	Ұя	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Балалардың шығармашылық қабілетін дағдылау іс-әрекетін таныту	Музыка	Музыка тыңдау. Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге үйрету. Ән айту. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту дағдыландыру. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету. Музыкалық аспаптарында ойнау. Балаларды музыкалық аспаптармен: сылдырмақ, маракаса сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру.
Қазан			Музыка тыңдау. Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге үйрету. Ән айту. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту). Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау. Музыкалық аспаптарында ойнау. Барабанмен таныстыру, әр түрлі аспапта орындалған әндерді тыңдау.
Қараша			Музыка тыңдау. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру. Ән айту. Әннің сипатын жеткізуге (көңілді, созып, ойнақы айту) үйрету. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіруге үйрету. Музыкалық аспаптарында ойнау. музыкалық аспаптармен: қоңырау, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру. Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету; оларды атай білу.

Ай	Дағды	Үйі	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Желтоқсан	Балалардың шығармашылық дағдыларын, зергтеу іс-әрекетін дамыту	Музыка	Музыка тыңдау. Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу) байқау. Ән айту. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту). Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбаңдап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады. Музыкалық аспаптарында ойнау. Балаларға арналған музыкалық аспаптарда ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.
Қаңтар			Музыка тыңдау. Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну. Ән айту. Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау. Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру Музыкалық аспаптарында ойнау. Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруді жалғастыру.
Ақпан			Музыка тыңдау. Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету. Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды, көңілді) байқауға үйрету. Ән айту. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал етуді жалғастыру: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту) Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау. Музыкалық аспаптарында ойнау. Балаларды музыкалық аспаптармен: қоңырау, сылдырмақ, маракас және барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру.

Ай	Дағды	Үйі	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Наурыз	Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту	Музыка	Музыка тыңдау. Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйретуді жалғастыру. Ән айту. Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтауды дағдыландыру. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау, ойындарда таныс би қимылдарын қайталау. Музыкалық аспаптарында ойнау. Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, қоңырау ойнау.
Сәуір			Музыка тыңдау. Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсінуді жетілдіру. Ән айту. Әннің қарқынына сәйкес топпен қосылып ән айтады, әнді барлығымен бірге бастайды және аяқтауды дағдыландыру Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру. Музыкалық аспаптарында ойнау. Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.
Мамыр			Музыка тыңдау. Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, марш туралы, музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдау, музыканың сипатын түсіну, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білу және ажырату білімдерін бекіту. Ән айту. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту). Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтауға дағдыландыру. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Қазақ халқының қарапайым би қимылдарын, билейтін әуендерге сәйкес қимылдарды өз бетінше орындау, музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын ойындарда мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдысын жетілдіру. Би қимылдарын орындау сапасын (кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру), заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар еркін дербес орындау баулу Музыкалық аспаптарында ойнау. Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлофон, қоңырау, сылдырмақ, маракас және барабан, сондай-ақ олардың дыбысталуы, музыкалық аспаптарда және меңгерген металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын қайталау.